



№7 (9997)
23 қаңтар
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Қариялардың зейнетақысын жымқырған

Павлодар қаласындағы қарттар үйінде екі бірдей қарияның зейнетақысынан қомақты ақша жымқырған медбикенің ісі әшкере болды. 24 жастағы әйел адам қариялардың аңқаулығын пайдаланып, олардың сеніміне кірген. Қарттардың банктік карталарын алып, 250 мың теңге ақша шешкен.



Полиция зардап шегушілердің шағымы бойынша қылмыстық іс қозғап, оны сотқа жолдаған. Медбикенің ісі Павлодар қаласының №2 сотында қаралып, шешім жылдам шықты. Сот зардап шегушілердің шығыны өтелгенін және тараптардың сотқа дейін татуласқанын ескере отырып, мекеме қызметкерін жауапкершіліктен босатты. «Сотқа дейінгі тереуе барысында зардап шегушілер айыпталушымен өзара татуласқандықтан істі тоқтату туралы жазбаша өтініш түсірді. Шығын толық өтелді. Қарттардың айыпталушыға ешқандай талабы жоқ. Қылмыстық істің құқықтық салдары туралы тараптарға түсіндірілді» делінген №2 қалалық соттың хабарламасында.

69 әйел қайтыс болған

Сенат депутаты Жанна Асанованың айтуынша, былтыр елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 69 әйел, 7 бала қайтыс болған. Тұрмыстық зорлық дерегі бойынша 99 мыңнан аса хабар түскен. Балаларға қарсы 2 452 қылмыс жасалған. Бірнеше резонанс тудырған жағдай орын алған.



Осы орайда Сенат депутаттары Үкіметке осы проблемаға қатысты сауал жолдаған. Бүгінде құжат дайын, енді ол Мәжіліс талқылауына жіберіледі.

Нақтырақ тоқталсақ, заң жобасы мыналарды қамтиды: зорлық-зомбылықты криминализациялау, яғни ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру үшін қылмыстық жауапкершілік, оларды жария айыптаудың қылмыстық құқық бұзушылық санатына жатқызу, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандары үшін жазаны қатаңдату және тараптардың татуласуын болдырмау.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа



**Бітімгерлік –
бейбіт елдің басты
ұстанымы**

4 →

Мәселе



Ауыл балалары қашықтан оқи алмауда

Қыс қаһарына мінсе, бізде маусымдық мәселелер туындайды, оған елдің еті үйренген. Өкініштісі, келер жылы сол мәселелер қайталанбауы үшін бөлінген қыруар қаражаттың қарапайым халық игілігін көре алмауда. Оған былтыр жыл соңындағы аязда елдегі жылу қазандықтарының сыр беруі дәлел. Бұл жайында басылым бетінде «Жылу маусымында жұрт жаурамасын» деген тақырыппен ел ішіндегі өзекті мәселені көтергенбіз. Бірақ қыстағы мәселені жазда табиғат өзі шешіп жатыр, оған дейін жауапты азаматтардың оған шамасы жетпеуде. Жоғарыда айтқанымыздай, әзірге бөлінген қыруар қаражаттан қайран жоқ.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Спорт



Үйірменің үйретері көп

«Руханият» орталығының есігінен енгеніміз сол еді, оң жағымыздағы бөлмеден көпшілікке пәрменмен сөйлеген адамның дауысы естілді. Көнігі қарамағында бірнеше сарбазы бар командир іспетті. Не керек, орталықтағы шаруамыз шешілгенін қайтарда аялдауды жөн көрдік. Бақсақ, «бөлме» дегеніміз үлкен зал екен. Төредегі бапкер тыңғылықты дайындық үстіндегі топ балаға пәрмен береді. Ал оқушылар бапкер берген бағытпен шынығып әлек. Не керек, «жақсыны көрмекке» деп үйірме жетекшісі әңгіме тарттық.

Өмірбек Көлменовтың №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде еңбек етіп жатқанына 10 жылдан асты. Өзі де бұған дейін дүбірлі додаларда қарсыластарын шаң қаптырған ал бүгінде білікті бапкерге айналған. Алдыңғы буыннан жиған тәжірибесін аудан жастарының қажетіне жаратуда.

Айта кетейік, аталған спорт мектебіне қарасты «Дзюдо» үйірмесінде бүгінде 200-ге жуық бала бар. Олар 4 ауысыммен осы залда шындалады. Үйірмеде Өмекеңнен бөлек Жайдар Есенов, Олжас Талапбекұлы және Шыңғысхан Әбілхасенұлы сынды тағы 3 бапкер бар. 4 азамат осыған дейін мұндағы балалардан әлем чемпионатының жүлдегерлері, халықаралық жарыстар мен ел біріншілігінің жеңімпаздары шығарды.

Үйірменің жетістігіне келсек, мұндағы білікті бапкерлерден тәжірибе жинаған Әділбек Берікұлы 66 келі салмақта республикалық жазғы спарта-

қиадада жеңімпаз атанды. Бұған дейін ол халықаралық жарыстарда бірнеше рет топ жарған. Осында алғаш спорттың бұл түріне бауылған бапкері Өмірбек Көлменов бүгінде ол облыс орталығында байрақты бәсекеге дайындалып жатқанын айтады. Алдағы айдың аяғында жерлесіміз Польшада өтетін еуропа кубогына қатысады.

Мұнан бөлек үйірме түлегі Тьнарбай Тілеген 2019 жылы Азия чемпионатында топ жарып, ел біріншілігінде қарсылас шақ келтірмеген. Сондай-ақ ол әлем біріншілігінде ел қоржынына қола салған болатын. Ал Әсел Бейсенбай – ҚР чемпионатының қола жүлдегері, жастар арасында Азия кубогының жеңімпазы, самбодан Азия чемпионы, ел біріншілігінің жеңімпазы. Сондай-ақ ол – дзюдо және самбо күресінен ҚР спорт шебері. Міне, аудан орталығындағы спорттың бір бүйірін бүгінде тұрған үйірменің тізе берсек, басқа да жетістіктері баршылық.

– Осы үйірмеден түлеп ұшқан мықты спортшылар бар. Әрине біз

олармен мақтанамыз. Бірақ олардың бізден көткеніне өкінбейміз. Дұрыс, есейді, енді үлкен додаларда топ жару керек. Бастысы, спорттан шет кеткен жоқ. Барлығы түрлі додаларда әлі де топ жарып жатыр. Керісінше біз олардың алдағы жетістіктеріне қарап марқамыз. Қазір олардың ізін басқан жастар да үлкен жарыстарда қарсылас шақ келтірмеуде. Алды халықаралық жарыстардың жеңімпазы болды. Бастысы, сабақтастық бар, алдыңғы аға буынның ізін жалғап, жастар дүбірлі додаларда жеңіс тұғырынан көрінуде. Бұл да болса жасап жатқан жұмысымыздың жемісі деп білемін. Біз оған марқамыз, олармен мақтанамыз, бірақ тоқмейілсуден аулақпыз, – дейді Өмірбек Көлменов.

Бапкердің ауызын бақсақ, расында сабақтастық үзілмеген. Қазірдің өзінде үйірме құрамындағы Бақдәулет Болатбекұлы 35 келі салмақта халықаралық жарыста ел қоржынына алтын салса, дәл осы салмақта Кемел Сырмағамбет күміс медаль алған. Ал Түркістан об-

лысында өткен республикалық турнирде Нұрәулет Садық ақтық мәреге шығып, облыс қоржынына күміс салды.

Былытыр үйірме қатысушылары жылды оң нәтижемен қорытындылаған. Республикалық турнирлерде 38 келі салмақта Ақәділ Батыржанұлы, 60 келі салмақта Нұржан Әбдіхалық қарсылас шақ келтірмеген. Ал 66 келі салмақта Ерсултан Темірболат пен 42 келі салмақта Зағар Сырмағамбет үздік үштікті түйіндеген. Сондай-ақ өткен жылдың басты жаңалығы үйірмедегі 15-ке жуық оқушы ҚР спорт шеберіне үміткер атанды.

Мұнан бөлек жаз айларында және күзде де үйірме мүшелерін үлкен жарыстар күтіп тұр. Әзірге бапкерлер балаларына сеніп отыр. Сол сенім үдесінен шығуға оқушылар да қам жасап жатыр. Міне, үйірменің бүгінгі тынысы осындай, жұмысы жүйелі, жетістігі мол.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бәрежелді!

Озат оқушылар – олимпиада жеңімпазы

Ауылдық жердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілетін анықтап, академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу мақсатында елімізде алғаш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиада өтті. Аталған білім бәйгесі қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайтуға арналған.



«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ғаждемір Тұрсынбаевтың айтуынша, олимпиадаға ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушылары ғана қатыса алады. Мұндағы мақсат – еліміздің шалғай елді мекендеріндегі дарынды және талантты балалардың қабілетін анықтап дамыту және халықаралық олимпиадаларға қатысуға ынталандыру.

Ол республикалық олимпиадада академиялық адалдықты қамту үшін тапсырма әр қатысушыға жеке электронды түрде жіберіліп, барлық кезеңінде оқушылардың аты-жөні көрінбегені, оқушылар жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадада 3 кезең бойынша сынақ үзіндісіне тапсырылды.

Пәндік олимпиада – ғылымның алғашқы баспалдағы, оқушы санасына алғашқы ізденістерін қалыптастырып, болашақ ғалымдарды баулитын, ғылымға еркін бойлайтын жастарды қалыптастыратын ең үлкен және ең тамаша бәсеке. Айта кетейік, республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде 387 оқушы қатысуға өтініш білдіріп, оның 122-сі жеңімпаз атанды.

Яғни 51 оқушы ІІІ орын, 38 оқушы ІІ орын иеленсе, 33 оқушы көш бастап, облыстық кезеңге жолдама алған. Еліміздің түкпір-түкпірінен 1000-нан аса оқушы қатысқан олимпиадада облыстан 34 оқушы, оның ішінде аудан абыройын арқаулаған 6 оқушы сүрінбей өтіп, жалпы білім беретін пәндер бойынша Астана қаласында республикалық олимпиаданың үшінші кезеңіне қатысқан.

Олимпиада жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарында 13 пән бойынша өтті. Сондай-ақ олимпиада қағидалары ең беделді әлемдік IMO, IPHO, ICNO, IBO, IGEО, IOI, IOL олимпиадалардың ережелеріне сүйеніп жасалған. Жаратылыстану-математикалық бағыттың 6 пәні бойынша және қоғамдық-гуманитарлық бағыттың 7 пәні бойынша бекітілген бағдарламаға сәйкес өткізілген. Олимпиадалық пән ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды орындауға әртүрлі уақыт бөлінген. Мәселен, математикаға 4 сағат, информатикаға 4 сағат, физикаға 2 сағат 30 минут, химияға 2 сағат 30 минут, биологияға 2 сағат және географияға 1 сағат 30 минут қаралған.

Республикалық олимпиаданың қорытындысымен ауданнан барған 6 оқушының 4-еуі І орын иеленсе, 1 оқушы ІІ орын және 1 оқушы ІІІ орын алған. Атап айтар болсақ, қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 9 сынып оқушысы Әмірбек Айнабек математика пәні бойынша жүлделі І орын иеленген. Жетекшісі – Ғалымжан Нұрмахатов.

Дәл осы білім ордасының бітіруші түлегі Асыл Жақсылық физика пәні бойынша І орын алған. Пән мұғалімі – Нұрбол Құдабаев. Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Наркыз Төлөбергенов химия пәні бойынша І орын алған. Жетекшісі – Марал Ниятқұлова. Ал физика пәні бойынша І орын алған Азамат Тұрсынбек те аталған мектептің озат оқушысы. Жетекшісі – Айгүл

Шілдебаева. Ақбота Ерғалиева жетекшілік жасаған Балқиса Телғарова информатика пәні бойынша ІІ орын иеленсе, Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің 10 сынып оқушысы Ақжан Әсетқызы биология пәні бойынша ІІІ орынға тұрақтаған. Жетекшісі – Ақжайық Төлөуова.

Жалпы олимпиадаға 2-3 сынып оқитын кезімінен қатыса бастадым. Ең алғаш 4 сынып оқитын кезде «Бастау» республикалық математикалық турнирдің аудандық кезеңінен ІІІ орын алдым. 7-8 сыныптарда республикалық юниор олимпиадаларына қатысып, ІІ, ІІІ орындар иелендім. «Кенгуру» олимпиадасына 9 сыныпта «биология» пәні бойынша қатысып, ІІ орын, республикалық пәндік олимпиадада ауданнан І орын, облыстан ІІІ орын алдым. Ал ауыл мектептеріндегі оқушыларға арналған республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңінен І орын, ал республикалық кезеңінен ІІІ орын алдым. Осы олимпиадаларға қатысуымның арқасында «Қамбаш» оқу-сауықтыру орталығы, «Балдаурен» тынығу орталығына демалуға, бір жағынан олимпиадаға дайындықты жалғастыруға бардым. Дайындық барысында әлеуметтік

желіден кітаптарды оқуды тиімді деп санап, жиі кітаптар оқимын. Дайындық жүргізу барысында алдымен ұстаздарыма және резерв дайындықтарына алғымды айттым, – дейді №202 орта мектептің 10 сынып оқушысы Ақжан Әсетқызы.

Олимпиада қорытындысы бойынша қатысушылар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталған. Сондай-ақ барлық қатысушыларға сертификаттар мен бағалы сыйлықтар табысталған.

Айта кетейік, аталған олимпиадада 11 сынып оқитын жеңімпаздар еліміздің бірқатар ЖОО-ның ректорлық гранттарын да жеңіп алған. Мәселен, №123 мектеп-лицейінің бітіруші түлегі Асыл Жақсылық Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің білім беру грантын жеңіп алса, Айнабек Әмірбек Алматы қаласындағы КеАҚ «республикалық физика-математикалық мектебінің» грант иегері атанды. «Ұстазы жақсылық ұстаймыз жақсы» демекші, білікті ұстаздан білім алып, аудан абыройын асқақтатқан жастарымыз болашақта ел игілігі жолында тынымсыз қызмет ететіні хақ.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Білікті педагог

Мектептің дамуы, оқушының білімінің шыңдалуы мемлекеттің дамуына тікелей ықпал етеді. Ал сол мектептің қандай болмағы ұстаза байланысты. Ауданның абыройын асқақтатуда, оқушыларды тәрбиелеп шығаруда Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің химия пәнінің мұғалімі Марал Ниятқұлованың да үлесі зор.



XXI ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Заман көз келген адамның әмбебап болуын талап етеді. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымымен бірге өзгеруі тиіс. Бүгін кейіпкеріміз де 20 жылдық тәжірибесінде тек білім беріп емес, оқушылармен қоса өзі де үздіксіз білім алып жүретіндігін айтады. Ол – бүгінде «Кәсіпті меңгерген ұстаз» номинациясының иегері. Ағылшын тілінде түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, химия пәніне қатысты авторлық бағдарламалар ойлап тапқан. Ұстаз білім бәйгесінде сол арқылы шыңдалып жүргенін айтады.

– Ұстаздардың басты міндеті – жеті түрлі ілім білігін ұрпақ тәрбиелеу. Ол заман ағымына ілесуі керек, өз тәжірибесінде әр түрлі әдістерді қолданып, материалды еркін меңгеруі тиіс. Тек сабақ сұраумен шектелмей, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруы қажет. Мен өзім химия пәнінің мұғалімі болғандықтан тәжірибелік-зертханалық жұмыстар жасау арқылы сабақты қызықты өткізуге тырысамын. Одан бөлек қазіргі оқушыларға кітаптағы мәліметтерден бөлек мультимедиялық көріністер арқылы түсіндірген сабақ өтімді. Сондықтан оқушылардың мәліметтерді жеңіл қабылдауы үшін әртүрлі бағыттар қолданып, олардың әр тақырыпты тереңінен ұғына жағдай жасауымыз керек. Кейде жоғары сынып оқушылары мамандық таңдауда өз қабілетін білмей басқа салаға қызығып жатады. Ал біз оның қабілетін көріп тұрғасын бағыт-бағдар береміз. Наркыз деген оқушымыз ағылшын пәнін таңдаймын деп жүргенде оның химия пәніне деген қабілетін байқадық, бұл пәнді ағылшынша оқуға болатынын да айтып, бірге жарыстарға барғанбыз. Республикалық ауылдар арасында өткен пәндік олимпиадада жүлделі І орын иеленіп, алтын медаль иегері атанды. Осылайша пәнге деген қызығушылығы артып, өз қабілетін байқады. Осындай оқушыларға бағыт-бағдар беру үшін де мұғалімдер жан-жақты, білімді болуы тиіс деп ойлаймын, – дейді Марал Қуанышқызы.

Иә, мектеп жасындағы оқушының өмірінде ұстаздың орны ерекше. Оның берген тәлім-тәрбиесінен бөлек, тәжірибелілігінің арқасында берген бағыты да дұрыс болып шығады.

Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдегі ұстаздық еңбек жолын 2008 жылы бастаған кейіпкеріміз – қазірде педагог-зерттеуші санатындағы маман Тоқтаусыз ізденісі мен еңбегінің арқасында көптеген жетістікке жеткен. Сондай-ақ өз пәні бойынша есептер шығару мен таңдау курстары бойынша әдістемелік құралдары мен бағдарламалар авторы. Аудан, облыс әкімдерінің алғыс хаттарымен, «Күрмет» грамотасымен де марапатталған. Ауданның үздік жаңа формация мұғалімі, жыл ұстазы, «Үздік қысқа мерзімді жоспар – 2023» байқауында І орын иеленген.

– Әр оқушының пәнді жақсы білуі оны оқытатын ұстазына байланысты екені белгілі. Оқушының сабаққа қызығушылығын оятып, өзінің шеберлігін шәкірттің жүрегіне жол таба білетін, өз мамандығын жақсы көретін Марал Қуанышқызы талай шәкірт дайындап, жыл сайын химия пәнін таңдаған оқушылардың грант иегері атанып, жарысқа қатысушы шәкірттерінің аудан, облыс, республика көлемінде шамшырағын жағып, жол көрсете білді. Төккен маңдай тер мен адал еңбектің жемісін көріп, көптеген марапаттарға ие болды. Одан бөлек ол – пән мұғалімі ретінде жаңашыл бағытты ұстанып, әрдайым ізденісте жүретін, әрбір оқушының жүрегіне жол таба білетін білікті маман, – дейді Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің директоры Жеңіс Райсбекұлы.

Бүгінгі таңда мұғалім білім көзі ғана емес, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінде белсенді қатысушысы болуы керек. Ол сол арқылы ел болашағын мықты етер ірі тұлғаларды тәрбиелейді. Оның міндеті – әр баланы оқу процесіне қатыстырып, оны тыңдап білу, оқушының көзімен оның түсінібін мәселесіне үңілу. Міне, осы жаңашыл мұғалімнің бойынан табылуы қажет қасиеттер бүгінгі кейіпкеріміздің бойында тұнып тұр.

Марал Қуанышқызы өзінің еңбекқорлығы, ізденісі мен кәсіпқандылығы арқасында сабақтарында оқушыларды химия пәнін терең түсіндіруде өмірмен байланыстыра отырып, мамандық дұрыс таңдауда, сәтті оқуға үйретуге, отансүйіштікке тәрбиелеп келеді. Осындай үздік мамандардың арқасында білім алып жатқан шәкірттер үшін мүлде алаңдамауға болады. Себебі мұндай маманның тәрбиесі арқылы болашақ ғалымдар мен ақындар да, мемлекеттік қызмет иелері мен түрлі саланың басшылары да өсіп жетілері анық.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Мектеп оқушысы – мемлекеттік грант жеңімпазы



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екенін айтқан. Аудандағы білімімен бақ сынап жүрген жастар биыл жылды жақсы жетістікпен бастады. Соның бірі – №123 мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Асыл Жақсылық.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың жаратылыстану-математика бағыты бойынша жеңімпаз атанып, Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің білім беру грантын иелендім. Марапаттау рәсімінде дәл осы сөзді естіп, жүрегім толқып кетті. Себебі 11 сынып оқушысы үшін ҰБТ-дан бұрын грант иегері атану ең үлкен жетістік деп ойлаймын. Бұл олимпиада биыл алғаш рет болып жатыр. Жалпы пәндік олимпиадаларда әсіресе физика-математикадан тереңдетіп оқитын қалалық жердің оқушылары І орын иеленіп кетуші еді. Ал бұнда тек ауыл мектептеріндегі оқушылар бақ сынайтын болғандықтан, біз үшін үлкен мүмкіндік, – дейді кейіпкеріміз.

Асылдың бұдан басқа да жетістіктері көп. Мұғалімдері мектептегі әрбір оқушыға үлгі етіп айтатын оқушылардың бірі. Физика пәнінен аудандық, облыстық пәндік олимпиадалардан бірнеше рет І орын иеленіп, мектептің абыройын асқақтатқан. Одан бөлек мектепте белсенділік танытып, кез келген іс-шараларда бой көрсетеді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғәппарұлы	Аудан әкімі	Жума күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағанбетов Арнұр Әлсізекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сұлєйменов Ғани Қенжетарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Қайнарбаев Ержан Еділбайұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Ербол Ғабит Ерболұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3	32-6-15, 31-3-35, 31-9-96

Болгариядағы бүлікті шешкен қазақ

1968 жылы Болгарияның астанасы Софияда жастар мен студенттердің дүниежүзілік ІХ фестивалі басталды. Бұл фестивальге СССР де қатысатын болды. Мәскеудегі арнайы комиссия 15 республикадан ең талантты өнерпаздарды конкурстан сұрыптап алу керек.



Өкінішке орай Қазақ ССР-нан ешкімді ұсынбапты. Не бір ансамбль, не жеке орындаушы комиссияның көзіне түспеген. Өзбекелі бұл кезде іссапармен Цейлонда жүрген Алматыға келген бойда жайсыз жаңалықты естіп, тағы да қаны басына шапты. Деру Мәскеуге телефон соғып, мәселені қайта көтерді. Мәскеудегі жауапты маман – Өзің біреуді ұсың! Мен қосымша еңгіземін – деп үде берді.

Қызық енді басталды. Ұйымдастыру комитетінен біреу Өзбекеліге телефон соғып: – Сонымен кімді ұсынатын болдыңыз? – деді.

– Өлі бекітім жоқ. Қас талантты іздеуім керек, – деді Өзбекелі.

Осы кезде старши браттың шовинистік мінезі қалқып бетіне шықты. Ол ұялмай-қызармай: – Сізге бір таяққа екі ішекті тағып қойып тартатын аспап бар еді ғой. Міне, сол күшті болар еді. Европа үшін ол аспап – экзотика. Соны ойнайтын біреуді ұсынсаңыз қатып кетер еді, – деп қойып қалады.

Көудесін кісіге бастырмайтын Өзбекелі: – Кімді ұсынатынымда сенің жұмысың болмасын. Қажет деп тапсам биші жіберемін, – деді де трубканы тастай салды.

Сейтті де биші іздеді. Қазақстанда виртуоз домбырашылар толып жатса да, Өзбекелі не үшін бишіні таңдады? Себебі ол кезде ұлттық бидің жоқтығы қазақтарды кемсітуге таптырмайсыз сылтау болатын. «Қазақтар өркениет көрмеген. Мәдениеттен жұрдай. Өнер дегенді ұқпайды. Ұшы-қыры жоқ далада жөн-жосықсыз көшіп жүре берген. Бұларды адам қылған – орыс» деген сарындағы мәдениетсіз өңгімені көрінген жерде айта беретін. Осы бір жабайы мінездің шовинистерге сіңісті болғаны сонша 1970-80 жылдары Алматының өзінде қоғамдық келіспе өзара қазақша сөйлесен: – Эй, колбит, нормальное разговоривай на человеческом языке, – деп тыйып тастайтын болған.

Ең қызығы, осындай жабайы мінезге не мемлекет тарапынан не зиялылар атынан ескерту, түзеу, жазалау сияқты шаралар қолданбаған. Өкіметке шағым айтса, «ұлтараздық туғызбаңдар» деп өздеріне тал бөтерін. Тіпті Мәскеу мен Ленинградта отырған орыстың зиялы қауымы да осы бір жабайылқпен курсуруге ықыласы болмаған. Яғни өзге ұлтты кемсуді қалыпты табиғи процесс деп қабылдаған.

Бұдан соң Өзбекелі беделін салып бишілерді іріктейтін комиссияны Алматыға алдырды. Сынан өткен биші келесі еміханды Мәскеуде тапсыруы керек. Мәскеудегі сынаққа бұған дейін халықаралық жарысқа қатысып көрмеген 20 жасар атыраулық биші Гүлжан Талпақова аттанды. Іріктеу жарысы оңай емес. Шығыс бін көрсетуге өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, өзбайжан елінің өнерпаздары да баратын. Төңір берген талантты сөнбесен, тамыр мен таньстың, телефонның ықпалы жүрмейді. Комиссия құрамында Мәскеу мен Ленинградтағы опера мен балет театрының тарландары отырды. Олардың көсемі – «Большой театрдың» жетекшісі, атақты биші Иосиф Михайлович Пуганов. Сонша дүлдүл арасынан олардың көзі Гүлжан Талпақоваға түседі. Гүлжан жұмыс бабымен Қостанай облысына гастролеп аттанды. Алыс бір аудандың шағын сахнасында білел жүрген кезінде Қостанайлық жергілікті өкілі келіп: – Сені Алматыға басышылар шақырып жатыр. Ертен сені Өзбекелі Жәнібек қабылдайды, – деді.

Бізбен сұхбаттас болған Гүлжан Талпақованың өзі бұл оқиғаны бұй деп баяндады: – Мені «Волгарь» отырғызып, шалшан Қостанайға жеткізді. Әуешайда тікұшақ күтіп тұр екен. Тікұшақ сол күні көшке мені Алматыға әкелді. Ертенсе быуынып-түйніп Комсомолдың ғимаратына келдім. Күтіп алушылар жаны қалай жүгіріп жүр. «Қазір Өзбекелі Жәнібек сізді көруге келеді. Сахналық киіміңізді киіп келіңіз» деді олар. Ол кезде танымал болмасаң, арнайы костюм тікпейтін. Қазаққонцерттің жалпыға ортақ бір костюмін үстіме іліп алдым. Оның өзі құранды болатын. Көйлегі Жамал апанкі болса, нымысасы Шара апанкі болуы көдік. Көбіне өлшемсіз келмей, үстінде олпы-солпы тұратын. Оның өзін ікмедеп, ішінен бүріп, қысқартып аламыз. Мен киім ауыстырып болғанша Өзбекелі аға да келіп жетті. Бір қарағаннан түрі суыты көрінді. Маған қарап: – Қазақша қандай биің бар? Сахнаға шық та, көрест өнерінде, – деді.

Өзіммен бірге арқалап жүретін ауыр магнитофоным бар еді. Соны қостым да қазақша 2-3 би биледім. Өзбекелі үнізі тамашалады. Би біткен соң талқылау залына жиналды. Ол маған қарап: – Бар киімің осы ма? – деп сұрады. – Иә, осымен билеймін, – дедім.

Ол жанындағы Мәдениет министрлігінің өкіліне қарап: – Көрдiңдер ме, қазақ мәдениетінің сиқың? Шетелде қазақ биін таныстыратын бишіміздің киімінің қара! Не масқара мынау? – деді.

Мен «түрім ұнамай қалды ма» деп шашып кеттім. Өлгі шеңүнік басы салбарып, үндемі күтылды. Өзбекелі маған қарап: – Күнделікте киетін киім-кешегің қалай? – деді.

Мен сұрақты оңша түспеймін. – Жақсы. Жасыл көйлегім бар. Бәрі жана, – деп жауап бердім.

– Жолға ұстайтын сөмкең бар ма? – деп сұрады.

– Иә, – дедім.

– Әкең көрсет! – деді ол. Атыраудан Алматыға оқуға аттанарда өке-шешем сатып өперген советтік қара чемоданды қасыма әкеп қойдым. Оның чемоданға да көңілі толмады.

–Үш күн уақыт беремін. Үш биге арнап бөлек-бөлек ұлттық киім тіктіре-сің. Одан бөлек төрт маусымда киетін киім-кешегің жаңалайсың. Косметикасын түгел ауыстыр. Боянатын опада-лабы мен өтіріне дейін импортный болсын. Қонақ үйде киетін халаты мен тапшықеңіне дейін жайнап тұрсын. Анау ескі чемоданды көрмейтін болайың. Ақшаны өзім табамын. Үш күннен кейін көздесеміз – деді де шығып кетті.

Жанна деген жауапты қыз менің қолымнан жетелеген күйі дедектеп өкеліп Волгаға отырғызды. Қаланың шетіндегі 70-разъезд деген жерге жылдам жеттік. Ол жерде өкіметтің қойма-сы бар екен. Қоймаға кіргенде аузым ашылып, жағым түсіп қала жаздады. Әртiстер түсінде ғана көретін тоқсан тоғыз түрлі мата мен бағалы аңның жылтыраған терісі үйіліп жатыр. Базарда жүргендей қойманьшi ішiн армансыз аралап, қымбат мата мен жүн-терінің неше түрiн арқалап алдық та театрдың астындағы арнайы киім тігетін цехқа келдік. Тапсырманың қаты болғаны сонша бүкіл дүзіңер мен тігінші маған жабылды. Үш күн бойы киім өлшеп-пішумен болды. Өз көзіме өзiм сөнер емеспiн. Құдды бір түс көргендей болдым. Жарқыраған мата мен жылтыраған терiден бір өзiме арнап қазақша киім тікті. Сахналық костюмн дайын болған соң сыртқы киім-кешек пен косметиканы жаңалады. Соңғы үлгідегі ең сапалы әрі өдемі киімдер мен опа-далапты алдыма тосты. Ескі чемоданымды лақтырды да Чехословакияда жасалған «пала, мама и я» деп аталатын матрешка сияқты ұшқабатты чемодан берді.

Бұл заттардың сапасының мықтылығы сондай ол жыл ұстап тозыра алмадым. Үш күннен соң менің азырғы қызындай жайнатып, Өзбекелінің алдына апарды. Киімді жайма сияқты жапыл қойды. Өзағам бөрінің материалын қолымен ұстап, сапасын жеке-жеке тексеріп алды. Маған қарап: – Қалай Гүлжан? Жана киімдерің ұнады ма? – деді.

– Иә, аға! Бәрі ұнады, – дедім.

Ол кезде мұндай нығметті көрмеген таза кеңес адамы едік. Сондағы бар уайымы: «Конкурстан соң киім-кешекті қайтарып ала ма, жоқ па?». Кенет шыдай алмай: – Аға, конкурс біткенің бұларды қайтарып ала ма? Қазақ концертке тапсыруым керек пе? – дептің.

– Жоқ, – деді.

– Бұларға мен бір тиын төлеген жоқпын. Қымбат заттар. Мен оларды қалай аламын? – дедім.

Ол күліп: – Қыздар өзі түсіндіреді, – деп қысқа қайырды.

Бұдан соң фестивалге дайындалу үшін Мәскеуге аттандым. Мұнда Кеңес одағының жас таланттары жиналыпты. Ол кезде ешбірінің атағы жоқ. Олар он жылдан соң Халық әртісі атанып, Кеңес одағының даңқты өнер жұлдызына айналды. Біз бір команда болып күндіз-түні бірге дайындалдық. Олардан есімде қалғаны Сабира Атаева деген түркімен қыз, қырғыздан Болат Мыңжылқыев, өзбайжаннан Тамара Синявская, молдовадан София Ротару болды. Қатысушыға екі костюмен тіктірді. Сосын пойызға отырып, Польшаны басып өтіп, Болгарияға жеттік. Көп ұзамай фестиваль басталды. Атақты шангист Леоид Жаботинский СССР-дің туын ұстап, шерудің алдында жүрді. Әуелгі жоспар бойынша мен оркестрдің сүйемелдеуімен билеуім керек еді. Бірақ Софияға барғасың не болғанын білмей-мін, оркестр қатыспайтын болды. Оның орнына маған «өзбектің доира деген аспабына билейсің» деді. Ал мен Юрий Силантёвтің симфониялық оркестрімен релетация жасаған. Амап жоқ, дойрамен релетация жасағау көндім. Егер дойраға билей алмасам, орныма өзбек кызы билейді екен. Ол қосымша құрамда болған. Яғни маған бірдене бола қалса немесе жарысқа он минут кешіксем, мені алмастыру үшін арнайы өріп келген еді. Конкурста бір күн қалғанда аздап қобалжып, өртерек ұйық тауға ынғайланып отырған. Кенет түнгі сағат он екіде біреу есік қақты. Ашсам, бейтаныс кісі.

– Сен бе Талпақова? – деп сұрады. – Иә, мен, – дедім. – Сен болсаң, жаңа ғана хабар келді. Ертен сен жарысқа шықпайтын болдың, – деп дүңк еткізді. – Неге? – дедім шошып кетіп. – Өзің білесің, мұнда оркестр жоқ. Ал дойра – өзбектің ұлттық аспабы. Сондықтан сенің орныңа Өзбекстанның биші билейді, – деді. Біреу үстімнен бір шелек мұздай су құйып жібергендей болды. Басым айналып, жүрегім дүрсілдеп кетті. – Сонда қалай? Мен екі ай дайындалдым ғой. Дойраға да билей аламын, – деп жылап жібердім.

– Білмеймін. Өзбекстаннан келген өкіл солай деді. Ертен келіп уәре болмай-ақ қой, – деп қысқа қайырды да көптің қалды.

Не істерімді білмей шарасыз күйде көзімнің жасын көп қылып, отырдым да қалдым. Менімен бөлмеде қатар жатқан құрбым маған қарағанда батыл еді. Ол мән-жайды бірден ұқты. Әй-шайға қарамай, білегімен ұстап: – Тез қимылдау керек, әйтпесе кеш болады, – деді.

Сағаттың тілі түнгі он екі жарымды көрсетіп тұрған.

– Жылдам киің! – деп асықтырды әлгі қыз.

Асып-сасқаным сонша сахнаға киетін қазақша етіккі киіп алдым. Үстінде халат. Құрбым болса: – Кім еді сенің жолбасшың? Әлгі Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы қайда? – деп сұрады.

– Өзбекелі Жәнібеков, – дедім мен өңіреген қалпы.

– Ол бұл жайдан бейхабар болуы мүмкін. Тезірек соны табу керек, – деді де мені жүлқып далаға алып шықты.

Бізге қарама-қарсы ғимаратта СССР-ды бастап келген комсомол көсемдері жайғасқан. Құрбым мені жетелеген қалпы сол ғимараттың ішінен бір-ақ шықты. Күзетшілер тосқауыл болып: – Түнгі сағат бірде неғып жүрсіңдер? – деп сұрады.

– Бізге Қазақстанның комсомол хатшысы керек, – деді құрбым. – Не істейсіңдер оны? – Түсініксіз жағдай туып тұр. Таңертең конкурс. Мәселені қазір шешпе-леу ұшығады, – деді құрбым.

Күзетшілер біздің мойныға асып алған «СССР» деген бейджикке қарады да Өзбекелі жатқан бөлменің нөмірін айтып ішке кіргізді. Өзағанның бөлмесін тез таптық. Есік қақтық. Ол кісі жатып қалған екен. Мені көріп шошып кетті. – Әй, Гүлжан мұнда не істеп жүрсің? Тыныштық па? – деп сұрады. – Аға, менің Өзбекстанның басышысы алып тастапты, – деп жылап жібердім.

Кез жасың көл болды. Өзаға түк түсінбей: – Кім? Қайда? Қашан? Не үшін алып тастаған? – деген сұрақпен төлеулі жөнелді.

Мен болған оқиғаны түгел баяндады. Ол желдің қайдан соққанын бірден түсінді. Тіс-тізіп тұрып біреуді жақсылап сыбады да СССР Комсомолының бірінші хатшысы Евгений Тяжельниковке телефон толғады.

– Евгений, сен ояусың ба? Мен қазір барамын. Аналар тағы да бірдене білғықтырып жатыр, – деді.

Сөйтіп де бас хатшының бөлмесіне бардық. Тяжельников екеуі ары бөлме-ге кіріп, есікті жауып алды. Он бес минуттай телефонмен сөйлесті. Сосын шықты да: – Гүлжан еш алаң болма! Ертен билейсің. Бар да демал! Азанда сағат сегізге келіп жіберемін. Сақдай сай тұр! – деді.

Бөлмеден шықсақ, құрбым дәлізде үриіп тұр екен Өзаға оған қарап: – Уайымдама, құрбың ертен жарысқа қатысады. Бәрі оңынан шешіледі, – деді де екеуімді шығарып салды.

Бөлмеге келіп ұйықтататын дәрі ішітм. Бірақ әсер етпеді. Алған стрессті күштілігі сонша таң атқанда көз ілімедім. Азанда тұрып жуынып, киініп, сақдай сай тұрдым. Сағат 8.00-де қал-қара шетелдік машина қонақ үйдің алдына келіп тоқтады. Ол заманда СССР-да шетелдік келік тұрмақ, «Жигули» көрмейміз. 1960-70 жылдары «Москвич» бар адам патша-лық бөлмесінде көрінетін. Қонақ үйден шыққан жұрт әлгі көлікке тамсана қарап, сыртын сипалап көріп жатты. Біреулері терезесінен сығалап жүр. Осы сәтте қонақ үйден мен шықтым. Шоыр көліктің артқы есігін ашып, мені ішке отырғызды. Жұрт қызығып қарап тұрды. Көңілім көтеріліп, бір маркайып қалдым. Мәнінше, сол заманның ең сүлпер автомобилін Өзбекелі ағам мені «Жігерленіп сілкінісің! Қуаттанып куанысың!» деп әдейі жіберген сияқты. Әйтпесе ондай көлікке Брежневтің қызы да отырғанша шығар.

Түндегі күйреген көңіл-күйім таңғажайып көлікке отырған соң лезде қалпына келді. Контцерт өтетін ғимараттың алдына келіп тоқтағанда патшаның қызындай болып салтанатпен түстім. Сахнаның артында ұлттық костюмді киіп, кезегімді күтіп тұрмын. Оркестр сол күйі құрыды. Амап жоқ, дойраға биледім. Бағмына орай Алматыда оқыған кезде биден беретін ұстазым Төшкеннің қазағы еді. Ол маған өзбек биінен сабақ беріп, дойраның ритмін үйреткен. Таныс аспап болған соң саққаным жоқ. Е, дегеннен

дойраның ритмін іліп алдым да, мені бұралып сала бердім. Обалы не керек, бидің түбін түсірдім. Бірақ ұйқының аты ұйқы. Қанбаған ұйқы жүзімдегі эмоцияны солдырып жіберді. Жүзімнен шаттықтың шуағы төгіліп тұрмады. Мұны қазылар да байқап қойды. Кім білсін, егер сол жолы эмоциям мықты болғанда, бәлкім бірінші орын алар ма едім...

Есесіне үш күн бойы Алматыда тік-тірген ұлттық костюм үлкен рөл ойнап кетті. Қос етек көйлегім де, велюр нышмам да, күндық бөрікім де, бөрікмінің үлбіреген үкісі де сахнаны жан-дырып жіберді. Осылайша бірінші тұрдан өттім. Одан кейінгілері оңай болды. Соңғы шешуші кезеңде ерекше шабыттандым. Себебі залдың атмос-ферасы жігер сыйлады. Сахнаға шыққанда зал киулап, айғайлап, ысқырып, қол соғып шулап кетті. Артында тебі-рөңіп жылағаным есімде. Кейін байқа-сам, мен шыққанда дәлекесі қозып қиу-лап отырған қазақтар екен. Өзағам фестивалға делегация болып барған барлық саланың маманын залға жи-налты. Тіпті қырғыз делегациясын өкеліп отырғызып қойыпты.

Жарыс біткен соң жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін арнайы зал-ға жиналды. Бірінші күні дойраға биле-ген биім көңілден шықпады. Сондықтан жүлдеден үміт күтпеген. Мұндай фести-вальға қатысудың өзі – абайры. Кенет қазылар: «Талпақова, СССР» деп айғай-лады. Маған бұл «Калпақова» деп естілді де, мен бөрмей отыра бердім. Сөйткенше болған жоқ, «Гүлжан Тал-пақова, СССР» деп бірнеше мәрте шақырғанда қасымда отырғандар ма-ған бұрылып: – Әй, Гүлжан сені шақы-рып жатыр, – деді. Тоқ соққандай құ-лағым естімей қалды. Тәлтпектеп тұрдым да баспалдақпен былық-сүлік етіп, мас адамша теңселіп әрең түстім. Сахнаға жеткенше құлап қалам ба деп қорықтым. Жарқыраған күміс ме-далды мойныма ілді. Сый-сыялат пен гүл шоғынын астында қалдым. Фото-графтар жан-жақтан шатырлатып жар-са суретке түсіріп жатыр. Осылайша өмірімде алғаш жарысқа қатысып, ө-дегеннен екінші орын алдым. Өзағам-ның қуанышында шек жоқ. Жеке келіп құттықтады. Мәскеуге барған соң же-ңімпаздарға дастарқан жайды. Ол жерде Өзағамның абыройы асқақ-тап, айдарынан жел есіп тұрды. Бұдан да қызығы – СССР-дағы ең беделді журналдың бірі «Огонектің» мұқа-басына суретім шықты. Ішіне мен жайлы көлемді мақала жазылғаны. Оны да ұйымдастырған Өзбекелі ағам болатын.

Конкурстан алтын алған қаншама лауреат пен таланттар үзенгі қағысты-рып, ауыздығын шайтан тұрған. Сонша жүлдыздың арасынан суырып шығаруы – мен үшін гана емес, Қазақстан үшін зор абайры. 1968 жылы ұлттық киіммен «Огонектің» мұқабасына шығуым қазақ жастарына мотивация мен мақ-танш сезімін сыйлады. Бұдан соң Ал-матыға ұштым. Ол кезде Алматының әуешайынан ұшақ аз жүретін. Қоңға жақындағанда алаңдағы қылғыз кілем-ді көріп, «шетелден қонақ келген беде» деп ойладым. Траптан түскен кезде бірақ білмедім. Мені салтанатпен күтіп алу үшін бұл құрметтің бәрін ұйымдастырып дайындаған Өзбекелі ағам екен.

Осыдан соң жұлдызды жанып, тасым ерге дөңгеледі. Орта Азия бойынша шығыс биін билейтін жалғыз биікше айналды. Соның арқасында елуден астам шет мемлекетте өнер көр-сеттім. Софидяда болған оқиғаны кейін терең сараптадым. Ол интриганы Өз-бекстанның комсомол хатшысы ұйым-дастырса керекті. Ондағы мақсат – маған жалған ақпарат беріп, конкурста қатыстырмау. Бес минут кешіксем, менің орныма Өзбекстанның бишісі шығуға дайын тұр. Дайын тұрғаны сол оркестрдің өзін дойрамен алмастырып қойған. Ол заманда шетелге кім шықса да, СССР-дың атынан қатысатын. Сондықтан өзбек шықты не, қазақ шықты не айырмасы жоқ деп қарайтын. Бірақ Өзбекелі олай қараған жоқ. Ол ұлттық намысқа шапқан кезде басқа идеологияны көзі көрмей қалатын. Сол түні интриганың тірсегін қиып, жолын жауып тастады. Мен де намысқа тырысып, батырға оң-солы бір деген-дей, өзбектің дойрасына өзбектен артық билеп шықтым. Егер сол түні сүрінгенімде, кейінгі бақ пен бақыттың, атақ пен даңқтың ұштығы түгіл пушыға да бұйырмас еді. Одан бөлек сол түні бірден шешім қабылдап, білегімнен сүйреп отырып Өзағанның бөлмесіне ертіп апарған жан құрбыма да өмір бақи қарыздармын. Ол – атақты өнші София Ротару болатын. София сол жолы алтын медаль алып, жұлдызды жарқырады.

– Өзбекелі Жәнібеков, – дедім мен өңіреген қалпы.

– Ол бұл жайдан бейхабар болуы мүмкін. Тезірек соны табу керек, – деді де мені жүлқып далаға алып шықты.

Бізге қарама-қарсы ғимаратта СССР-ды бастап келген комсомол көсемдері жайғасқан. Құрбым мені жетелеген қалпы сол ғимараттың ішінен бір-ақ шықты. Күзетшілер тосқауыл болып: – Түнгі сағат бірде неғып жүрсіңдер? – деп сұрады.

– Бізге Қазақстанның комсомол хатшысы керек, – деді құрбым. – Не істейсіңдер оны? – Түсініксіз жағдай туып тұр. Таңертең конкурс. Мәселені қазір шешпе-леу ұшығады, – деді құрбым.

Күзетшілер біздің мойныға асып алған «СССР» деген бейджикке қарады да Өзбекелі жатқан бөлменің нөмірін айтып ішке кіргізді. Өзағанның бөлмесін тез таптық. Есік қақтық. Ол кісі жатып қалған екен. Мені көріп шошып кетті. – Әй, Гүлжан мұнда не істеп жүрсің? Тыныштық па? – деп сұрады. – Аға, менің Өзбекстанның басышысы алып тастапты, – деп жылап жібердім.

Кез жасың көл болды. Өзаға түк түсінбей: – Кім? Қайда? Қашан? Не үшін алып тастаған? – деген сұрақпен төлеулі жөнелді.

Мен болған оқиғаны түгел баяндады. Ол желдің қайдан соққанын бірден түсінді. Тіс-тізіп тұрып біреуді жақсылап сыбады да СССР Комсомолының бірінші хатшысы Евгений Тяжельниковке телефон толғады.

– Евгений, сен ояусың ба? Мен қазір барамын. Аналар тағы да бірдене білғықтырып жатыр, – деді.

Сөйтіп де бас хатшының бөлмесіне бардық. Тяжельников екеуі ары бөлме-ге кіріп, есікті жауып алды. Он бес минуттай телефонмен сөйлесті. Сосын шықты да: – Гүлжан еш алаң болма! Ертен билейсің. Бар да демал! Азанда сағат сегізге келіп жіберемін. Сақдай сай тұр! – деді.

Бөлмеден шықсақ, құрбым дәлізде үриіп тұр екен Өзаға оған қарап: – Уайымдама, құрбың ертен жарысқа қатысады. Бәрі оңынан шешіледі, – деді де екеуімді шығарып салды.

Бөлмеге келіп ұйықтататын дәрі ішітм. Бірақ әсер етпеді. Алған стрессті күштілігі сонша таң атқанда көз ілімедім. Азанда тұрып жуынып, киініп, сақдай сай тұрдым. Сағат 8.00-де қал-қара шетелдік машина қонақ үйдің алдына келіп тоқтады. Ол заманда СССР-да шетелдік келік тұрмақ, «Жигули» көрмейміз. 1960-70 жылдары «Москвич» бар адам патша-лық бөлмесінде көрінетін. Қонақ үйден шыққан жұрт әлгі көлікке тамсана қарап, сыртын сипалап көріп жатты. Біреулері терезесінен сығалап жүр. Осы сәтте қонақ үйден мен шықтым. Шоыр көліктің артқы есігін ашып, мені ішке отырғызды. Жұрт қызығып қарап тұрды. Көңілім көтеріліп, бір маркайып қалдым. Мәнінше, сол заманның ең сүлпер автомобилін Өзбекелі ағам мені «Жігерленіп сілкінісің! Қуаттанып куанысың!» деп әдейі жіберген сияқты. Әйтпесе ондай көлікке Брежневтің қызы да отырғанша шығар.

Түндегі күйреген көңіл-күйім таңғажайып көлікке отырған соң лезде қалпына келді. Контцерт өтетін ғимараттың алдына келіп тоқтағанда патшаның қызындай болып салтанатпен түстім. Сахнаның артында ұлттық костюмді киіп, кезегімді күтіп тұрмын. Оркестр сол күйі құрыды. Амап жоқ, дойраға биледім. Бағмына орай Алматыда оқыған кезде биден беретін ұстазым Төшкеннің қазағы еді. Ол маған өзбек биінен сабақ беріп, дойраның ритмін үйреткен. Таныс аспап болған соң саққаным жоқ. Е, дегеннен

Ауыл балалары қашықтан оқи алмауда



Дұрыс, бұған маусымдық мәселе деп қарайық, «ел ішінде мұндай жағдайлар орын алады» деп түсіністік танытайық. Бірақ «бет қаратпайтын аяз балалардың қашықтан білім алуына қолбайлау болып отыр» дегенді неге жорисыз? Иә, көпесті ажада солтүстік өңірлерде балалар жаппай қашықтан оқуға көшті. Бірақ «қашықтан оқып жатыр» деген аты гана сияқты. Анығында балалар қашықтан да оқи алмай жатыр. Оған елдегі интернет жылдамдығының тым төмендегі басты себеп. Өзiрге бұған қатысты жауапты министрліктің жүйелі жұмысы байқалмайды. Керісінше ел қыры асып, төбешік тауып, сымсыз телефонмен сырласуға әеру болып отырғанда олар байланыс операторларының тариф құнын өсірумен әлек.

Айта кетейік, өткен аптада Қостанай облысындағы ауылдарда ауа райының қолайсыздығына байланысты оқушылар қашықтан оқуға көшкен. Қазір онлайн сабақ беру қиына соғатынын солтүстіктегі ұстаздар көтеріп жатыр. Әсіресе шекара маңындағы ауылдарда бұл мәселе күрделенген. Сорақысы, ондағы ағайын көрші елдің интернетті қолдануда. Бұған елдегі еті үйренген, демек көрші елдің интернетін пайдалану олар үшін аяздың алдында да қалыпты жағдайға айналған. Кәдімгідей теңгесін рубльге айналдырып, Ресейдің байланыс операторларына қаржы құяды. Ел қазынасын қарапайым халық сыртқа шауғаа құлықсыз, бірақ амалдың жоқтығынан осындай әрекетке барып отыр. Өйтпейін десе, отандық байланыс провайдері ұсынатын қызметтің жылдамдығы тым баяу.

Солтүстіктегі шекара маңындағы ауылдардың бірі – Бозкөл. Мұнда да ұстаздар қашықтан оқыту тым қиына соғып жатқанын айтады. Ауылда 2 жерде ғаламтор мұнарасы орнатылғанымен ол тұтас елді мекенді сапалы интернетпен қамтамасыз етуге қауқарсыз екен. Мұғалімдер мектептерде тек үшінші қабатта гана 4G тартатынын айтады. Бұл ауылда байлан байланыс операторы мүлде жоқ екен, ал Теле-2 мен Актив байланыс операторларының да жылдамдығы тым баяу көрінеді. Сондықтан бозкөлдіктердің тең жартысы көрші елдің интернетін тұтынуға мәжбүр.

Былтыр Цирфлькь даму министрi Бағдат Мусин интернет құны арзан 20 елдің қатарына кіретінімізді айтқан. Осы мәлімдемеден кейін уялы байланыс операторлары тариф бағасын көтеріп жіберді. Сол уақытта «Ookla» деректерін сәйкес, Қазақстанда 4G қолжетімділігі 84,5 пайызды құраған.

Десе де Қазақстанда интернет сапасына қатысты тұтынушылар тарапынан әлі де шағым баршылық. Мемлекет басшысы да жауапты министрге мәселені шешіміне қатысты сұрақ қойған. Ал Бағдат Мусин интернет жылдамдығының тым төмендігін тариф құнының арзандығымен байланыстырды. Ал халыққа жасаған мәлімдемесінде бағаның өсуін уялы байланыс операторлары тұтынушыларға алдағы уақытта сапалы қызмет көрсететінімен байланыстырған. Алайда баға өскен бойда интернет жылдамдығы арта қанекәуір!

«Ookla» компаниясы өлеңіміз әртүрлі елдеріндегі интернет жылдамдығын зерттеп, рейтингін шығарған. Мобильді интернет жылдамдығы бойынша Қазақстан орташа есеппен 35,49 Мбит/с көрсеткішпен 67 орынға тұрақтады. Ал тіркелген интернет жылдамдығы бойынша еліміз 51,41 Мбит/с көрсеткішпен 94 орында.

Қазақстанда 6 406 елді мекен бар, оның 6 290-ы – ауыл. Өкініштісі, еліміздің 1 432 ауылында мобильді интернет жоқ. Қазіргі таңда 116 қала мен 4 858 ауыл 3G (2 813 ауыл) және 4G (2 045 ауыл) мобильді технологияларымен интернетке қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ ADSL технологиясы бойынша интернетпен 1 950 ауыл және талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясымен 2806 ауыл қамтылған.

Елде 1432 ауылдың мобильді интернетті қалғаны министрлік те жоқ

Миссия



Бітімгерлік – бейбіт елдің басты ұстанымы

Қазақ елінің әскері өзге елдің тыныштығын қоритын болды. Әріге көз жүгіртсек, Қазақстанда бітімгерлік қызметтің тарихы 2000 жылы басталды. Ел Президентінің Жарлығымен қазақстандық бітімгерлік батальоны құрылды. Ал 2003 жылы қарқынды дайындықтан кейін «Қазбат» әскери қызметшілері АҚШ пен НАТО қолдауымен Ирактағы бітімгершілік операциясына кірісті.



2003-2008 жылдары аралығында миссияға барлығы 270-тен астам әскери қызметші қатысты. Қазақстанның бітімгерлері минасыздандыру, суды тазарту тапсырмаларын орындады. Бес жыл ішінде жеке құрам алты айдан он рет алмасты.

Қазақстандық мамандар Иракта 4,5 миллионнан астам түрлі оқ-дәрілерді, мишаларды, зымырандар мен снарядтарды жойып, 6 718 текше метр су тазартты. Қазақстандық әскери дәрігерлер американдық «Дельта» базасы медициналық тобының құрамында жұмыс атқарды. Олар негізінен террорлық шабуылдардан зардап шеккен жергілікті тұрғындарға медициналық көмек көрсетті.

2015 жылы «ҚР Бітімгерлік қызметі туралы» Заң қабылданды. Бұл заң еліміздің Қарулы Күштері ұлттық контингентінің бітімгерлік операцияларға қатысуын реттеудегі мемлекеттің міндеттері мен құзыреттерін айқындайды.

2018 жылы Қазақстан мен Үндістан арасындағы меморандумға сәйкес Қазақстандық бітімгерлер ротасы БҰҰ-ның Ливандағы миссиясына алғаш рет қатысты. Қазақстандық бітімгерлер Израильмен шекарада жергілікті жерді патрульдеу, бақылау бекеттерін ұйымдастыру, оқ атпауды бақылау міндеттерін атқарды. Бүгінде Ливанда бесінші ротацияның бітімгерлік контингенті қызмет атқаруда. Бұдан өзге Батыс Сахарада бес әскери қызметші бақылаушы қызметінде.

Өткен аптада ҚР-ның Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР Қарулы Күштерінің бітімгершілік контингентін БҰҰ миссияларына қатысуға жіберу туралы ұсынысын қолдап, дауыс берді. Мемлекет басшысының Парламентке Үндеуін Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов оқып берді.

– Әскери қызметшілерді бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін БҰҰ бітімгерлік миссиясына жіберу Парламенттің бұрын қабылдаған бірнеше қаулысына сәйкес жүргізіледі. 2014 жылдан бастап 57 Қазақстан офицері БҰҰ-ның Батыс Сахарадағы, Кот-д'Ивуардағы, Малидегі, Орталық Африка Республикасындағы әскери байқаушы және штабтық офицер ретінде қатысты. 2017 жылдан бастап 538 Қазақстан әскери қызметшісі бітімгершілік бөлімше құрамында «БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштері» миссиясына тер төкті. Қазіргі уақытта Қазақстан әскерілері БҰҰ-ның миссияларында: Батыс Сахарада 6 офицер, Орталық Африка Республикасында 2 офицер, Конго Демократиялық Республикасында 2 офицер, Ливанда 9 әскери қызметші қызмет етіп жатыр. Ұйым басшылығы офицерлердің жауынгерлік машығына жоғары баға беріп, ұйымның миссиясында Қазақстан бітімгершілерінің санын ұлғайтуды қолдауға дайын екенін білдірді. Біздің көптеген офицер

бітімгерлік қызметке үлес қосқаны үшін медальмен марапатталып, алғаш хат алды. Бітімгерлік қызметті қолдау, жанжалды реттеу халықаралық қоғамдастық назарында екенін атап өту маңызды. Контингенті миссияға жіберу халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосып, Қазақстанның жаһандық аренадағы ролін арттыруға ықпал етеді, – деді Руслан Жақсылықов.

Сала басшысының сөзіне сүйенсек, Бітімгерлік миссиясына әскери контингент жеткізу бойынша бәсекеlestік бар. Осы орайда Қорғаныс министрі Қарулы күштерді Таяу Шығыстағы, Оңтүстік Судан Республикасындағы және Абьейдегі миссияға жіберудің маңызына тоқталды.

Бүгінде әлемдегі геосаяси шиеленіс жағдайында өңірлік және ұлттық қауіпсіздікке төнетін сын-қатердің барын жоққа шығармаймыз. Яғни оның бір бөлігі әскери әдіс пен ден қоюды талап етеді. Осы ретте әскердің даяр

тарапы есебінен жүзеге асырылады.

Ұсынысқа сәйкес резервтегі рота, штаб офицерлері, әскери бақылаушылар және мамандандырылған бөлімшелер саны 430 адамға дейінгі бітімгершілік контингентін «Голан биіктеріндегі БҰҰ-ның бөлуді байқау күштері» (UNDOF, Сирия-Израиль), «БҰҰ бітімге келу шарттарының орындалуын байқау жөніндегі органы» (UNTSO, Палестина-Израиль), «БҰҰ-ның Оңтүстік Судан Республикасындағы Миссиясы» (UNMISS, Оңтүстік Судан), «БҰҰ-ның Абьейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі уақытша күштері» (UNISFA, Судан) бағыттары бойынша жіберу жоспарланған.

Талқылау қорытындысы бойынша Парламент депутаттары Мемлекет басшысының БҰҰ миссияларына қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бітімгершілік контингентін жіберу туралы ұсынысын қолдау туралы шешім қабылдады.

Қорғаныс министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің басшысы Олжас Құсайыновтың айтуынша, БҰҰ бітімгерлік миссиясы барысында қазақстандық әскери көз жұмса, оған мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Яғни заңға сәйкес, қаза тапқан әскери қызметшінің отба



лығын одан әрі нығайту және қазіргі заманғы қатерге қарсы әрекет етуде тәжірибе алу мәселесі өзекті. Миссияға қатысу әскердің жауынгерлік дайындығын жетілдіруге, бітімгершілік операцияға тән дағдыда қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Министрдің айтуынша, Голан биіктігіне резервтік рота ретінде 139 әскери қызметшіден тұратын бірінші дәрбес контингентті техникасымен, қару-жарағымен, мүлкімен жіберілмек. Алғашқы бітімгерлер наурызда жолға шығады. БҰҰ-мен халықаралық шарт аясында тараптардың міндеттемесі, контингентті толық қамтамасыз ету мәселесі айқындалады. Контингент пен мүлкі тасымалдау Қазақстан

сына 60 айлық жалақы көлемінде ақша беріледі. Ал Біріккен Ұлттар ұйымы 77 мың доллар, яғни 34 млн 795 мың теңге береді. Сарбаз мүгедек болып қалса, жарақат алса, онда тиісті комиссия құрылады. Олар қандай көмек беру керектігін анықтайды. Бір қызығы, Таяу Шығысқа баратын әскерілердің арасында әйелдер де бар екен, нақтырақ айтсақ, ротада 7 әйел қызметші міндеттерін орындамақ. Олардың ішінде әскери медиктер, аудармашылар мен техникалық қызметкерлер бар. Әріне әскерде «қыздар» деген ұғым жоқ. Онда әскери қызметтегі әйел деген түсінік бар көрінеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарих

Ажал аузынан аман оралған жауынгер

Шәмші Аманов 1922 жылы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 19 жасында әскерге алынған. Ол 1941 жылы Ақтөбе қаласында жасақталған 101-інші бригаданың құрамына қабылданды. 1942 жылдың жазында бригаданың әзірлігін көруге Мәскеуден арнайы келген маршал К.Е.Ворошилов өңеш сайдың тасындай іріктелген бригада жауынгерлеріне және олардың әскери тактикалық дайындығына көңілі толып, жоғары баға берді.



Аталған жасақтың жігіттері жау шебін бузып, Отан қорғауға аттанар алдында халық ақыны Нұрпейіс Байғанин қолындағы қасиетті қара домбырасын қағып, өлеңдетіп бата беріпті. Домбыра шанағынан төгілген рухты өуенмен, қарт ақынның ақ жүрегінен ақтарылған батасымен намысын қайраған қазақстандық жауынгерлер Ақтөбеден Ржев-Вязьма плацдармына жетіп, шайқасқа кіреді. Адам қанын сел ағызған Ржев-Вязьма плацдармы маңындағы қанды қырың 1943 жылдың көктеміне дейін созылады. Екі жыл бойы кескілескен толассыз ұрыста бір миллионнан астам адамның басын жалмаған бұл жерді өлемнің көрнекті қаламгерлері «Ажал аңғары» деп атапты. Адам шығыны көп болған осы майдандағы құрбандар бүгінде Ржев-Зубцово-Гжатек-Вязьма-Оленин аралығындағы үлкен күрежолдың екі қапталындағы зираттарда жатыр.

Ресми деректерге сүйенсек, осы жерде болған ұрыста он мыңға жуық қазақ жауынгері қаза тапқан. Әкем Шәмші Аманов майданда жау оғынан бірнеше мәрте жарақат алып, қайта сапқа қосылады. Соңғы рет 1943 жылдың қыркүйек айында Хорошево деревнясының маңында болған шайқаста ауыр жараланып, ес-түссіз госпитальға жеткізіледі. Пенденің көретін жарығы таусылмаса, үстіне тау құласа да өлмейді, дегендей, әкем әскери дәрігер-оташылардың арқасында аман қалады. Ұрыс дала-сында көрсеткен ерліктері үшін взвод командирінен рота командиріне жоғарылайды. Сондай-ақ біріншіленген жауынгерлік медальдарды кеудесіне тағады. Жоғары командалық нияден алғыс хаттармен марапатталып, аға лейтенант шенінде өлге оралады.

Елге оралғаннан кейін Қармақшы, Жалағаш аудандарының ішкі істер бөлімінде жеті жыл бойы елдің тыныштығын қорғау жолында тергеуші, аға тергеуші болып абыройлы қызмет атқарды. Елуінші жылдардан бастап жетпісінші жылдардың аяғына дейін, яғни тіршіліктің татар дәмі таусылғанша ауыл шаруашылығында табанды еңбек етті. Туған жерін түлетуге бар күш-жігерін арнаған Шәмші ағамыз аудандағы күршілік жерлерді тегістеп, суландырып және соған қажетті гидротехникалық нысандарды тұрғызуға үлес қосты. Күршілік жерлерді игеріп, инженерлік жүйеге келтіру және егінді агротехникалық ережелерге сай күтіп, баптаудың нәтижесінде аудан аймақта алдыңғы қатарда болды.

Шәмші ағамыздың іскерлік, ұйымдастырушылық қабілет-қарымы Жалағаш аудандық Казельхозтехника бірлестігінің машина-мелиоративті отрядын басқару кезінде жар-қырап көрінді. Бейбіт күндегі еңбектің көрінісін қыздырып, ауданның алға жылжуына көп еңбек сіңірген Шәмші Амановқа аудан басшылары да үлкен құрметпен қараған. Білікті басшы, қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімов аудан дамуына айрықша үлес қосқан азаматтардың ішінен Шәмші Амановтың есімін ерекше атауды да жоғарыдағы сөзімізді айғақтай түседі. Елге өткен еңбегінің арқасында «Ерен еңбегі үшін» медалімен және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Құрмет» грамоталарымен марапатталған.

Кейде балалықпен соғыс жайлы әңгіме сұрағанымызда ол кісі: – Әй шырғам-ай, ескі жараның орнын қозғап, қандағы қасіретті еске түсіріп қайтесіңдер, – деп бізді тып тастайтын.

Бәлкім қанқұйлы соғыстың қасіретін еске алғысы келмеген бе, өлде жантүсігерлік оқиғаларды айтып біздің балғын жүрегімізді жаралағысы келмеді ме, әйтеуір сол сұрапыл жылдарды жыр қылып отыруға құлықты емес еді. Бүгінде өкпенің майдандастары, замандастары бұл дүниеде жоқ. Тек ізінен ерген екіхөлсең інілерінен ғана өкем жайындағы жылы лебіздерін естіп, бір маркайып қаламыз. Әкемің соғыс жылдарындағы өмір дерегі маған көлеңкелеу болғанымен, жалпы адами болмысы менің жандымда сақталып қалды. Әкем өте қарапайым еді. Алайда айтар әңгімесін хан болсын, қара болсын тайсақтаймын тура айтатын, жалғандық пен жағымпаздыққа жаны тәзбейтіп, әділ болатын. Сондықтан ол кісінің осындай мінезін білетіндер онымен орынын сөз таластырмайтын. Сондай-ақ өкем дүниеде байлық жаңған жоқ, қолына ұстаған азды-көпті қаржысын өзіне тек материалдық қажеттілік тұрғысынан қарады. Бірақ қолынан келгенше жетім-жесірді жетім, қиналғандарға қол үшін беруден тартынып қалған жоқ. Әкемің жақсылығын көрген, бойындағы қадір-қасиетін бағалайтын дәм-тұзdas, қызметтес болған інілері әлі күнге: – Сенің өкен сондай кісі еді ғой жарықтық, – деп сағынышпен еске алып отырады.

«Ол – қиын кезде еліне қорған болған Сәрке батырдың тікелей ұрпағы. Сондықтан ел ағаларың ауыл ақсақалдарың, солардың ішінде Беркімбай көппе, Рахымбек, Жанұлы, Барпақ, Жүсіпбек синды алдыңғы толқын ағаларың ерекше құрмет тұтты. Олардың бойындағы елжандылық билік қасиеттерін үнемі мақтан етіп айтып, біздің бойымызға сіңіріп отыратын. Жұрыда ғаламтор қарап отырып өкеміңнің соғыс жылдары әскери госпитальда емделіп жатқанда түскен суретін тауып алдым. Суреттің астында «Қазақстандық №101-ші дербес ұлттық атқыштар бригадасының офицері Шәмші Аманов. Әскери госпиталь, 1943 жыл» деп жазылыпты. Шынымды айтсам, қатты толқыдым. Мен үшін, біздің аулет үшін бұл үлкен олжа, маңызы бар тарихи құнды сурет болды» дейді майдангердің ұлы Әмірбек Аманов.

Иә, Шәмші Аманов тек майдан даласында ғана елді қорғаудың ерен үлігісін көрсетіп қоймай, өзі үлес қосқан бейбіт өмірдің бағысын кейінгі ұрпаққа ұғдындырды. Бейбіт күннің бедері бұзылмау үшін көзі жұмылғанша тыныштықтың күзетінде тұрған Шәмші ағамыздың ерлігі оны білетіндердің есінде.

Рысбай ҚӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 нөмісө 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 124